

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 1 (2025)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DHNR8599>

**\*А. И. Аканова<sup>1</sup>, Л. Ә. Еспекова<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4294-6345>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5485-5125>

\*e-mail: [comfort\\_land\\_kz@mail.ru](mailto:comfort_land_kz@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФТІК ЛЕКСИКАНЫҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ АСПЕКТИСІ**

*Берілген мақалада қазақ фольклорлық прозасындағы мифтік лексикасының классификациясы аясында зерттеу жасалған, яғни мифтік кейіпкерлердің дифференциалды белгілері, оның ішінде реалды және ирреалды белгілері, ортақ ұқсас атрибуттары мен олардың (мифтік кейіпкерлердің) ерекшелігі жөнінде сөз болады. Шетел және отандық ғалымдардың мифтік кейіпкерлерге қатысты айтқан ғылыми тұжырымдары саралана отырып, лингвофольклористика аясында айтылған ғалымдар пікірі негізінде мифтік лексиканың басты ерекшеліктері мен дифференциалды белгілері, яғни реалды және ирреалды белгілері бар мифтік кейіпкерлер қатары анықталады.*

*Мифтегі таным ондағы кейіпкерлердің сипаты, түрі, олардың қимыл-қозғалысы, жалпы кейіпкердің болмысы, оларға тән ерекше белгілер арқылы берілетіні белгілі. Жалпы кейіпкерлер арқылы сол халыққа тән таныммен қатар белгілі бір бәріне ортақ, түсінікті, айтпаса да айдан анық ұғымның пайда болып, қалыптасатындығы да жасырын емес. Дүниежүзі халықтарын ортақ жүйе, ортақ модельге тоғыстыру үрдісі заманында әр этностың ұлттық мәдениеті мен тіл ерекшелігін сақтап қалу мәселесі қазіргі таңда өте өзекті. Адамзаттың танымын суреттейтін символдар, этномәдени белгілер, ұлттық реңкті білдіретін аялық білім және т.б. да рухани құндылыққа толы дүниелер әр ұлттың болмысын таңытатыны ақиқат. Сол ұлттық болмыстың бірден бір көрінісін мифология элементінен табатынымыз айдан анық, әсіресе мифтік кейіпкерлер*

*әлемін зерттеу арқылы халық танымның қыры мен сырынан көп ақпарат аламыз.*

*Кілтті сөздер: лингвофольклористика, мифтік лексика, дифференциалдылық, реалды белгілер, ирреалды белгілер, мифологиялық кейіпкер.*

### **Кіріспе**

Қазақ халқы ежелден көшпелі ғұмыр кешкен. Қоршаған әлемнің, табиғаттың қыры мен сырын тереңнен әрі жан-жақты ұғыну, шеті мен шегі жоқ кеңістікте мал бағу, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп-қону – біздің бабамызға тән дүние. Көшпелі өркениет, дәстүр – ол біздің өмір салтымыз. Бұл дәстүр бізді қоршаған ортаға ерекше қарауға, ерекше таныммен зерделеуге үйретті. Табиғаттың қатал сынына төтеп бере жүріп, өздеріне ғана тән тіршілік қамын жасап, қиыншылықтарға қарсы тұра білуге машықтанған. Бұл халықтың өзіндік дүниетанымының қалыптасуына өз септігін тигізді. Дүниетаным бір күнгі я бір жылдың ғана жемісі емес, ол адамдардың ғасырлар бойы жасаған өмір тіршілігімен тығыз байланыста дамып, жетілетін өнер мен мәдениетке жақын көзқарастар жиынтығы екен. Олай болса қазақ халқының танымын салт-дәстүрі, әдебиеті, мәдениеті арқылы танып-білуімізге болады. Халқымыз табиғаттың әрбір құбылысын, әр дүниесін жаны бар, тірі деп сенген. Аспан әлемі, жер бетіндегі тіршілік, жерасты әлемі, су, өсімдік пен жануарлар әлемі – бәрі халқымыз үшін киелі бір қасиеті бар, белгілі бір тылсым күші бар дүниелер. Өрине осы түсінік-пайым, дүниетанымның белгілі бір жолдарымен көрініс табуы заңды құбылыс. Ол құбылыс тіл арқылы, атап айтқанда, халықтың әдебиеті, мәдениеті, өнері, салт-дәстүрі сияқты жалпы бүкіл өмірлік үздіксіз даму қозғалысынан орын тауып жүзеге асатындығы айдан анық. Табиғаттың, бүкіл әлемнің сұлулығын тани білген дана халқымыз фольклорлық шығармалар желісінде соны көрсете білген. Халқымыз осы аталған барлық қасиетті тіл арқылы көркейтіп, әдемілеп өзін қоршаған адамзатқа жеткізе білген. Оны біз дәлел ретінде әдебиетіміздің қайнар бұлағы – мифтен, нақтырақ айтқанда, мифтік лексиканың арқасында анық көреміз. Мифтік лексика, мифтік кейіпкерлер әдеби тұрғыда зерттелген және ол зерттеу жалғасын табуда. Ал осы мифтік лексиканы тілдік тұрғыда зерделеу лингвофольклористиканың несібесінде.

Ғылыми айналымға енген «лингвофольклористика» термині ауыз әдебиеті шығармаларының тілін кешенді зерттеумен айналысады. Бұл фольклорды ауыз әдебиетінің қатып қалған, еш өзгеріске түспейтін ескерткіштері емес, белгілі бір дәстүрдің нақты көрінісі ретінде қарастырумен тығыз байланысты. Әрбір мифтік лексика, мифтік кейіпкер халықтың таным-

түсінігі мен халықтың ерекшелігіне тұнып тұр. Фольклорлық прозада суреттелген әрбір образ халықтың танымынан хабар береді. Ол образ – халық қиялының жемісі. Міне осы мифтік кейіпкерлердің өзара ұқсас я өзіне тән ерекшеліктерін айқындау кезінде біршама айырым белгілерге көз жеткіздік. Ол айырым белгілерді мифтік лексиканың дифференциалдық аспектісі деп атап, әрбір мифтік кейіпкердің өзіндік жеке ерекшеліктері мен ортақ ұқсастықтары ажыратылды.

### **Материалдар мен әдістері**

Зерттеу нысанына сәйкес ертегі, аңыз, мифтік әңгімелер мәтіндері материал ретінде алынды. Мақала тақырыбын ғылыми тұрғыда таныту мақсатында мифтік лексиканың дифференциалдық аспектісіне қатысты орыс, башқұрт, татар ғалымдарының еңбектері мен отандық ғалымдардың зерттеулерінен дәйектемелер келтірілді. Мифтік лексиканың дифференциалды аспектісін зерделеуде жинақтау, талдау және салыстыру әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қазақ фольклорлық прозасындағы мифтік лексиканы зерттеуде көптеген мифтік кейіпкерлердің түрлі ерекшеліктеріне тап боламыз. Осы өзгешеліктеріне орай мифологиялық кейіпкерлерді сипаттауда олардың (мифтік лексиканың) түрлі дифференциалды белгілерін ескеру қажеттілігі туды. Бұл аспекті төңірегінде біз мифтік кейіпкерлерді оларға тән ерекше белгілеріне қарай танып, ажырата аламыз. Бұл ретте айта кететін жайт, осы күнге дейін мифтік лексика әдеби көзқарас тұрғысынан барынша зерттеліп келді, мифтік лексикаға қатысты біршама әдеби талдаулар жасалды, алайда мифтік лексиканы тілдік тұрғыда, тілдік фактілерге сүйене отырып топтау, саралау, талдау жағы қалыс қалып жүрді. Міне осы тұста біздің зерттеу нысаны – мифтік лексика, оның ішінде мифтік кейіпкерлердің айырым белгілері анықтауды қажет етеді.

Қазақ фольклорлық прозасындағы мифтік лексиканы, яғни мифтік кейіпкерлер жүйесін саралауды фольклорлық проза жанрынан бастаймыз. Қарап отырсақ, мифтік кейіпкерлер прозаның барлық жанрларында кездесуі әбден мүмкін. Бұл жөнінде академик С.Қасқабасов былай деп тұжырымдайды: «Ешбір фольклорлық жанр саф алтындай таза күйде болмайды. Өйткені ол жападан-жалғыз өмір сүрмейді, ұзақ көркемделу процесінде жанрлар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі, олар бір-біріне ықпал жасап, кірігіп, тіпті жаңа жанрға негіз де болады, бірақ олар қосылып кетпейді, әрқайсысы өзіне тән қасиеттермен ерекшеленеді. Мұнда екі процесс қатар жүреді. Фольклорлық жанрлардың даму барысында бір жағынан олар жекеленіп, дараланып (дифференциация) тұрса, екінші жағынан бір-бірімен туыстасып, жақындасып, ортақтасып тұрады. Жанрлар дараланған тұста өмірдің бір жағын ғана көрсетуге «маманданады», яғни фольклор

шығармалары мен жанрларының танымдық мүмкіндігі кеңейген сайын, олардың «мамандануы» да кеңейіп, бөлшектенеді, оған қоса жанрлардың даралану процесі де күшейе түседі» [1, 27-б.]. Ғалымның бұл тұжырымын мифтік лексикамен байланыстыратын болсақ, фольклорлық прозада мифтік кейіпкерлерге де осындай өзара байланысу, жуысу, бір-біріне ұқсау сияқты сипат тән, ол сипат ерекше белгілер арқылы анықталатыны белгілі. Мысал үшін халқымыздың мифтік шығармасындағы кейіпкерде ортақ бір белгілер барын байқау қиын емес. Әрине олардың тек өзіне ғана тән ерекшеліктері болғанымен, мифтік кейіпкерлердің кездесетін орны, мезгілі, уақыты ұқсас келеді. Сонымен қатар олардың бәрі бірдей көбінесе адам көзіне көрінерде адам кейіпіне айналады (көбіне ұсқынсыз образда) я болмаса жануар кейіпіне түсіп, көзге көрінеді, сұлу қыз я кемпір бейнесінде көрінеді және ол кешкілік мезгілде немесе түнде, ымырт жабылғанда пайда болады, көп жағдайда адамға зиянын тигізеді. Бұл жерде кейіпкердің бейнесі, функциясы және қай мезгілде пайда болатыны оларды өзара жақындастырады. Ал олардың тек өзіне ғана тән атрибуттары оны ерекшелейді. Мысал үшін жезтырнақ та, мыстан кемпір де – зұлым, олардың атқаратын басты функциясы адамға зиян келтіру, түр-тұрпаты жағынан да ұсқынсыз, алайда жезтырнақтың өзіне тән белгісі (пышақтай өткір тырнақтары) болса, мыстан кемпірдің де өз ерекшелігі (алба-жұлба киімі), албастыны танытатын белгілері (ұзын бойы, шашы) т.б. бар. Прозалық жанрлардың өзара ортақ байланысы болғандығы сияқты, мифтік кейіпкерлердің де өзара байланысы бар деген сөз.

Халқымыздың фольклорлық мұрасында кездесетін мифтік кейіпкерлер дифференциалды аспектісіне қарай реалды (шынайы) және ирреалды (шынайы емес, тылсым, құпия) болып бөлінеді. Реалдылық пен ирреалдылық ұғымдары жөнінде ғалым Ф. Хисамитдинова өз еңбегінде егжей-тегжейлі зерттеп, башқұрт фольклорында кездесетін мифтік кейіпкерлерге талдау жасайды [2, 57-б.]. Жалпы тылсым күш, энергия концепциясы жөнінде мысырлық ғалым Е. Ногnung былай дейді: «...кейіпкерлердегі «энергия», «жасампаз күш» сияқты аудармалар әр кезде соншалықты қолайлы бола қойған емес және ең мүмкін деген жағдайда бұл мысырлық сөздің нақты мағынасына бір бөлігімен ғана сәйкес келеді» [3, 62-б.]. Демек, энергия, тылсым күш мәселесі ғалымдардың зерттеулерінде о бастан ескеріліп, сөз болғанын көреміз. Кейіпкерлердің ең әмбебап дифференциалды белгілері реалды (шынайы) және ирреалды (шынайы емес, ғажайып, тылсым, мистикалық, құпия) дәрежесі болуы мүмкін. Мысал үшін бақсы – шынайы, аждаһа, айдаһар – ирреалды. Сонымен қатар оның (мифологиялық кейіпкердің) функциясы (қызметі) (мысалы, албасты әрдайым зияндық жасайды, ал Жылан Бапы хан бастапқы кезде қауіп тудырады, бірақ кейінірек ізгілікті, жақсылық жасайды; оның мифологиялық кейіпкер ретіндегі

қызметімен тығыз байланысты оның орны, мекен ету аймағы (жер, жер асты кеңістігі, су және су асты кеңістігі, аспан т.б. деген сияқты белгілері бар. Бұған суда өмір сүретін және су объектілерінің қорғаушысы су рухтарын, ормандарда тұратын объектілердің қорғаушысы – орман рухтарын, Тәңірді мысал ретінде келтіруге болады. Қазақ мифологиясындағы маңызды дифференциалды белгі – кейіпкердің пайда болу мезгілі, уақыты. Мысалы, қазақ мифологиясындағы балаларды қорқытатын рух (бөжай) әдетте түнде пайда болады, ауру әкелетін рухтар (албасты, жын-шайтан т.б.) күн батқан кезде (қызыл іңірде) пайда болады деп сенген. Мифологияда кейіпкердің келбеті де маңызды мәселе, олар антропоморфты, зооморфты келбетте белгілі. Мысалы, зұлым рух «мыстан кемпір» адамдардың көзіне әйел, жас келін, қыз кейпінде көрінеді. Дифференциалды белгі – бұл кейіпкердің атрибуттары. Мысалы, «албастының» атрибуты, зұлым рух, әйел келбетінде көрінеді, оның артқа лақтыратын екі метрлік салбыраған кеудесі бар. Бұл аталғандардың барлығы – мифтік кейіпкерлерді топтаудағы (классификация) басты аспектілер. Реалды дифференциалдық ерекшелігі бар кейіпкерлер адамдармен бірге өмір сүретін, көзге қарапайым адам сияқты көрінгенмен ерекше көріпкелдік, әулиелік қасиеті дарыған адамдарды жатқызамыз. Оларға: бақсы, балгер, емші, әулие-әмбиелерді жатқызуға болады. Ал ирреалды қасиеті бар кейіпкерлер аты айтып тұрғандай, көзге көрінбейтін, тылсым күш иелері, адамның үрейін келтіретін құбыжықтар мен адамзат атаулыға қиналған замандарда қол ұшын беретін, демейтін көмекші я кедергі жасайтын күш иелері. Мысал үшін: Тәңір, Қызыр, Жәбірейіл, албасты, жын, пері, шайтан, айдаһар т.б.

Фольклорлық прозада осы жоғарыда айтылған дүниені талқылап көрсек, «Көңіліңе астамшылық алма» ертегісінде Жәбірейіл алдына келген мүсәпір халіндегі ханды көрсетіп уәзіріне: «...Мынаны жеті қайта боз биенің сүтіне шомылдырып алып келіп бер», – дейді. Жеті қайта шомылдырып, ханның алдына әкеліп бергеннен кейін, мүсәпірдің қолынан ұстайды. «Кітаптың бетін ашқаның рас па?» – деді. Ол «рас» – деп жауап қайырады. «Бұдан былай көңіліңе астамшылық ойлама!» дейді де: «Міне тағың, міне жұртың, міне уәзірің, міне елің, мен Жәбірейіл періштемін», – деп, тағын өзіне беріп жоқ болады [4, 277-б.]. Бұл ертегіде Жәбірейіл көңіліне астамшылық жасаған ханға өмірлік үлкен сабақ боларлық жағдай жасап, ханның ақылды бола түсуіне мұрындық болады.

Сол сияқты Қызырдың образын «Бақытты бастан тепкен адам» ертегісінде көреміз: «Бағдат шаһарында бір жігіт болған екен. Бір күні түсінде Қызыр жолығып: «Мен Ніл дариясының жағасында бір бәйтеректің қасында тұрамын, сен маған кел, саған батамды беремін. Сен бақытты боласың», – дейді [4, 125-б.]. Ертегіде Қызыр бата беру арқылы адамды

бақытқа кенелтуші, демеуші, қолдаушы образ ретінде суреттелген. Сондай-ақ «Талапты жасқа атаның өсиеті» ертегісінде: «Жолдасы баланың әкесіне келіп: « – Сізге рақмет. Сіздің және балаңның пиғылына көп рақмет, маған ештеңе керек емес. Сіздің балаңыз жолдас іздеп жүріп бір әйел мен сартқа кездесіп, әйелді сарттан құтқарып еді. Сол әйелдің өлген күйеуі мен едім, қыдыр болып осыған кездескен едім, – деп аспанға ұшып кетіпті [5, 297-б.]. Бұл ертегіде Қыдыр формасында кездесіп, адамға разылығын білдіруші образ болып көрініс табады. Бұл ертегілердегі басты кейіпкерлері ирреалды, яғни көзге адамдардың көзіне уақытша көрінеді де, ғайып болады. Ендігі кезекте «Қойлыбай бақсы мен жын-пері» аңызынан біз реалды да, ирреалды да кейіпкерлерді көреміз: «Әйелдерге толғақ кезінде кесір жасайтын жын-шайтандардың ешбірі Қойлыбай отырған жерде өктемдік ете алмаған. Егер жын-шайтан, албастылар әйелдің босануына бөгет жасаса, Қойлыбай сол үйге өзінің қамшысын немесе тымағын жіберіп отырған, сонда бақсының мысы басып, қаһарынан қорыққан албастылар жалт беріп, қашып кетеді екен» [6, 134-б.]. Бұл жерде Қойлыбай бақсы «реалды» мифтік кейіпкер болса, албасты, жын-шайтандар «ирреалды» мифтік лексика. Яғни жын-шайтандар – жай адамның көзіне көрінбейтін кейіпкерлер, олар тылсым күш иелері. Бұл сияқты мысалдарды «Жезтырнақ», «Албасты», «Жын-шайтандар», «Үббе», «Перілер» сияқты аңыз әңгімелерде көптеп кездестіреміз [7, 182-б.].

Бұндай мифологиялық таным мифтік лексиканың ішінде тек мифтік кейіпкерлерге ғана тән деп ұқпаймыз. Бұндай қасиетті, құпия, ерекше тылсым күш табиғат әлемінің барлық нысандарында көрініс табады. Халқымызда «ағаш, бәйтерек» сияқты фитонимдерде ерекше мифологиялық түсінік бар. Әлем халықтарының мифологиясында үш қабаттан тұратын әлемді үлкен зәулім ағаш түрінде суреттеу кең орын алған. Бәйтерек немесе Дарақ ағаштары мифтік үш қабатты, яғни аспанды, жерді, жерастын тік бағытта жалғастырып тұрады. Ғылымда оны әлемдік ағаш деп атайды. Бүкіл ғаламның тағдыры осы ағашпен байланыстырылады. Ол – төменгі, ортаңғы, жоғарғы қабатты, бір-бірімен араластырмай, ұстап тұрған тіреу, тұтас әлемді таза ұстауға қызмет атқарады, осы үш қабаттағы тіршілік иелерінің тағдырларына әсер етеді. Зәулім ағаштың түбінде, яғни төменгі қабатта үлкен жылан жатады, ал ұшар басында, яғни жоғарғы қабатта құс патшасы тұрады, бұлардың бәрі – мифтік санада орныққан түсініктер. Яғни осы ағаштың айналасында біз тіршілік иесі құсты да, жерде жорғалаушы жәндік тектес жыланды да көреміз. Бұндай түсінік әлем халықтарының танымында да бар. «Үш әлемнің» космологиялық моделі – жоғары, орта және жерасты әлемі» деген пікір өз жалғасын тауып, оны ағашпен байланыстыру да бар ғылымда [8, 1-б.]. Сондықтан мифтік лексиканың синкретті ұғым екендігін түсінеміз, қала берді



мифтік кейіпкерлердің, мифтік өсімдіктердің, мифтік жануарлардың әлемі сан қырлы айырым белгілерден тұратынын дәп басып айта аламыз. Ол белгілер – сол тылсым күш иелерін айрықша етіп көрсететін дифференциалды белгілер. Дана халқымыз табиғатпен етене жақын өмір салтын ұстанған деп атап өттік. «Қазақ халқы бар сұлулықты, мықтылықты, төзімділікті табиғаттан іздеген. Соны адамның өмірімен байланыстыра отырып, өмірдегі жақсылықты, адалдықты, мейірімділікті, әділдікті, ерлікті, өмір үшін күрес секілді рухани құндылықтарды дәріптеген» [9, 115-б.]. Адам осы аталған бойымызда бар барлық қасиетті тіл арқылы көркейтіп, әдемілеп өзін қоршаған адамзатқа жеткізе білген. Оның бір дәлелі ретінде әдебиетіміздің қайнар бұлағы – мифтен көруге болады. Ғалым Ж. Аймұхамбетованың тұжырымынан миф пен танымның арасындағы тығыз, үзілмес байланысты байқаймыз: «Миф – ежелгі дүниетаным және тарихи сананың алғашқы формасы, ақиқатты тануға деген талпыныс деген тұжырымдар, тұтастай алғанда, мифологияның адамзат дүниетанымындағы тереңнен тамыр таратқан болмысын танытады» [10, 70-б.]. Халқымыздың болмысын, танымын түсінуде мифтің орны ерекше, ал ондағы мифтік кейіпкерлердің рөлі бір төбе.

### **Қорытынды**

Мифтік кейіпкерлерді сипаттайтын белгілер жиынтығы сандық және сапалық жағынан еркін өзгеруі мүмкін. Ең әмбебап дифференциалды белгілері жоғарыда аталып өтті, олар: реалды (шынайы) және ирреалды (шынайы емес, яғни ғажайып, тылсым, құпия) белгілері, сонымен қатар олардың (мифологиялық кейіпкердің) атқаратын қызметі, әрекеті (функциясы), кейіпкердің орны және мекен ету аймағы. Бұл белгілерді қазақ мифологиясындағы мифтік кейіпкерлерді жіктеудің негізі деп ұйғардық. Мысал үшін албасты, марту сияқты мифтік кейіпкерлер адамды басу, қылқындыру арқылы қиянат жасайды, су перісі мен албастының мекен ету орны көбіне судың маңайы, орман. Демек, мифтің басты міндеті айналадағы қоршаған дүниені (адамның, тау-тастың, өзен-көлдің пайда болуын және жануардың, өсімдіктің кейбір қасиеттерін, аспан әлемінің құрылысын т.б.) түсіндіру болса, мифтік лексика (мифтік бейне) өз кезегінде осы айналадағы дүниенің пайда болу себебін, мәнін, мазмұнын түсіндіруде басты көмекші рөл атқарады.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Қасқабасов, С. А.** Жаназық. Әр жылғы зерттеулер [Мәтін]. – Астана : Аударма, 2002. – 27 б.

2 **Хисамитдинова, Ф. Г.** Мифологическая лексика башкирского языка (в этнолингвистическом освещении) [Текст]. – Уфа : ИИЯЛ УНЦ РАН, 2016. – 57 б.

3 **Hornung, E.** Der Eine und die Vielen. Agyptische Gottesvorstellungen [Text]. – Darmstadt, 1973. Аудармасы: Conceptions of God in Ancient Egypt. – New York, 1999. – 62 б.

4 Қазақ халық ертегілері [Мәтін] – Астана : Фолиант, 2017. – 125–227 бб.

5 Бабалар сөзі: Жүзтомдық : қиял-ғажайып ертегілер [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2011. – Т. 74 – 297 б.

6 **Жанайдаров, О.** Ежелгі Қазақстан аңыздары : Қазақстан балалар энциклопедиясы [Мәтін]. – Алматы : Аруна, 2010. – 134 б.

7 Қазақтың мифтік әңгімелері [Мәтін]. – Алматы : «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 182 б.

8 **Nez D.** The Tree of Visions : Visionary Traditions Of The Western World – Shamanism, Magic and Myth From Prehistory To The Present [Text]. – Starseed Publications, 2018. – 1 p.

9 Қазақ лингвофольклортануы: эпостанулық зерттеу : ұжымдық монография [Мәтін]. – Астана, 2017. – 155 б.

10 **Аймұхамбет, Ж. Ә.** Миф. Мифология. Мифопоэтика. [Мәтін]. – Алматы, 2017. – 70 б.

## References

1 **Qasqabasov, S. A.** Zhanazyq. Ar zhylyg zertteuler [Food for the soul. Research of different years] [Text]. – Astana : Audarma, 2002. – 27 p.

2 **Khisamitdinova, F. G.** Mifologicheskaya leksika bashkirskogo yazyka (v etnolingvisticheskom osveshchenii) [Mythological vocabulary of the Bashkir language (in ethnolinguistic coverage)] [Text]. – Ufa : IYAL UNTs RAN, 2016. – 57 p.

3 **Hornung, E.** Der Eine und die Vielen. Agyptische Gottesvorstellungen [Text]. – Darmstadt, 1973. Conceptions of God in Ancient Egypt [Text]. – New York, 1999. – 62 p.

4 Qazaq ertegileri. [Text] / – Astana : Foliant, 2017. – P. 125–227.

5 Babalar sozi: Zhyztomdyq : qiyal-gazhaiyp ertegiler [Ancestral legends : One hundred volumes : Fairy tales] [Text]. – Astana : «Foliant», 2011. – V. 74 – P. 297.

6 **Zhanaidarov, O.** Ezhelgi Qazaqstan anyzдары : Qazaqstan balalar enciklopediyasy [Ancient Kazakh legends. Kazakhstan children’s encyclopedia] [Text]. – Almaty : Aruna, 2010. – 134 p.

7 Qazaqtyn miftik angimeleri [Kazakh mythological stories] [Text]. – Almaty : «Gylym» gylymi baspa ortalygy, 2002. – 182 p.

8 **Nez D.** The Tree of Visions : Visionary Traditions Of The Western World – Shamanism, Magic and Myth From Prehistory To The Present [Text]. – Starseed Publications, 2018. – 1 p.

9 Qazaq lingvofolkloritanuy : epostanulyq zertteu: ujymdyq monografia [Kazakh scientific research folklore : collective monograph] [Text]. – Astana, 2017. – 155 p.

10 **Aimuhambet, J. A.** Mif. Mifologia. Mifopoetika [Myth. Mythology. Mythopoetics] [Text]. – Almaty, 2017. – 70 p.

29.08.24 ж. баспаға түсті.

13.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

\**А. И. Аканова<sup>1</sup>, Л. А. Еспекова<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 29.08.24.

Поступило с исправлениями 13.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

## **ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫЙ АСПЕКТ МИФИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ В КАЗАХСКОЙ ФОЛЬКЛОРНОЙ ПРОЗЕ**

*В данной статье проведено исследование в области классификации мифической лексики в казахской фольклорной прозе, то есть дифференциальный аспект, так же степень реальности и ирреальности мифических персонажей, об их схожих атрибутах и об особенностях мифических персонажей. На основе научных выводов зарубежных и отечественных ученых и мнения ученых в области лингвофольклористики относительно мифических персонажей выявлены основные дифференциальные особенности, а именно реальные и ирреальные особенности мифических персонажей.*

*Известно, что мировоззрение в мифологии народа дается его внешностью, движениями, характером персонажа в целом и его особенностями. Не секрет, что наряду со специфическими для данного народа знаниями появляются и общие, понятные, если не очевидные, понятия, которые формируются через общие признаки. В эпоху процесса объединения народов мира в общую систему и общую*

*модель проблема сохранения национальной культуры и языка каждого этноса сегодня очень актуальна. Символы, описывающие человеческие знания, этнокультурные знаки, традиционные знания, выражающие национальный колорит и т.д., миры, полные духовной ценности – это истины, раскрывающие сущность каждого народа. Понятно, что одно из проявлений этого национального самосознания мы можем найти в мире мифологии, тем более, изучая мир мифических персонажей, мы получаем много информации о мировоззрении народа.*

*Ключевые слова: лингвофольклористика, мифическая лексика, функциональность, реальные признаки, ирреальные признаки, мифологический персонаж.*

\*A. I. Akanova<sup>1</sup>, L. A. Yespekova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>L. N. Gumilev Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 29.08.24.

Received in revised form 13.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

## **DIFFERENTIAL ASPECT OF MYTHICAL LEXICON IN KAZAKH FOLKLORE PROSE**

*This article deals with the study of the classification of mythological lexicon in Kazakh folk prose, i.e. differential features of mythical characters, including real and unreal features, common attributes and their (mythical characters') features. Based on the scientific conclusions of foreign and domestic scientists, on the basis of the opinion of scientists in the field of linguo-folkloristics regarding mythical characters, the main differential features are revealed, namely, the real and unreal features of mythical characters.*

*It is known that the worldview in the mythology of the people is given by their appearance, movements, the character of the character as a whole and their features. It is no secret that, along with knowledge specific to a given people, general, understandable, if not obvious, concepts appear, which are formed through common features. In the era of the process of unification of the peoples of the world into a common system and a common model, the problem of preserving the national culture and language of each ethnic group is very relevant today. Symbols describing human knowledge, ethno-cultural signs, traditional knowledge expressing national color, etc. Worlds full of spiritual value are truths that reveal the essence of each nation. It*

*is clear that we can find one of the manifestations of this national identity in the world of mythology, especially by studying the world of mythical characters, we get a lot of information about the worldview of the people.*

*Keywords: linguofolkloristics, mythological lexicon, differential, real signs, unreal signs, mythological character.*

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
4,76 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.  
Электронное издание  
4,76 МБ RAM  
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz